

«KMG-Security» ЖШС
Қадағалау кеңесінің
2022 жылғы «31» тамыздағы
№ 09/2022 хаттамасының
2-тармақ шешімімен
бекітілген

«KMG-Security» ЖШС сапа менеджменті, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы САЯСАТЫ

«KMG-Security» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) Қазақстан Республикасының қауіпсіздік қызметтері нарығындағы ірі мамандандырылған күзет ұйымдарының бірі бола отырып, қолданыстағы халықаралық, мемлекеттік, жергілікті заңнамалық актілерге және корпоративтік талаптарға сәйкес, көрсетілетін қызметтердің сапасын тұрақты жақсарту және олардың тізбесін кеңейту, бизнес-процестерді оңтайландыру, өз қызметіндегі ашықтық пен айқындық, бейінделетін салада жаңа әдістер мен техникалық шешімдерді дамыту және енгізу негізінде өз тұтынушыларының талаптарын барынша қанағаттандыруға ұмтылады.

Стратегиялық дамудың таңдалған басымдықтары шеңберінде Серіктестік өзі үшін сапа менеджменті, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өзінің келесі мақсаттары мен ниеттерін айқындады және мәлімдейді:

- сапа менеджментіне, денсаулықты қорғауға және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүйелі көзқарас таныту арқылы Серіктестікте басқару жүйесінің нәтижелілігін арттыру;

- денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету, жұмысқа байланысты жарақаттардың алдын алу және денсаулық жағдайының нашарлауы, осы саладағы қауіптерді жою және тәуекелдерді азайту;

- Серіктестіктің қызметін, оның ішінде денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық келісімдердің, салалық және корпоративтік нормативтік талаптардың шарттарын мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз ету;

- сапаны, денсаулықты қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тұтынушыларға, Жалғыз қатысушы мен қызметкерлерге бағдарлау;

- қолда бар адами, ұйымдастырушылық және экономикалық ресурстарды ұтымды пайдалану есебінен Серіктестік қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру;

- Серіктестіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ оны ұлттық және халықаралық деңгейде тануға бағытталған тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасын кеңейту мақсатында жаңа күзет өнімдерін дамыту;

- сапа менеджменті, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін үнемі жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті сақтау және өзінің күнделікті қызметін жүзеге асыратын жерлерде табиғи ортаны сақтау;

- Серіктестіктің кадрлық әлеуетін нығайту, өз қызметкерлерінің жоғары құзыреттілігі мен дербес жауапкершілігін дамыту, олардың әрқайсысының назарына оның құқықтары мен міндеттерін жеткізу, консультациялар өткізу және қызметкерлердің денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке қатысуын қамтамасыз ету, оларды сапалы және апатсыз жұмыс жасауға ынталандыру;

- бизнес-процестерді қолдауға, қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге және тұтынушыларға қолжетімді бағамен сапалы қызмет көрсету үшін шығындарды оңтайландыруға бағытталған корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға Серіктестіктің барлық персоналын тарту;

- Серіктестік ұжымында салауатты өмір салтын ұстануға және корпоративтік имиджді қалыптастыруға ұмтылысты қолдау.

Таңдалған мақсаттар мен ниеттердің маңыздылығын түсіне отырып, «KMG-Security» ЖШС жоғары басшылығы осы Саясатты Серіктестікте бар ресурстардың барлық түрлерімен іске асыруды қамтамасыз ету, оны өзекті жағдайда ұстау, сондай-ақ өз қызметкерлерінің ISO 9001:2015, ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының және ҚР СТ ISO 9001-2016 мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес біріктірілген менеджмент жүйесін қолдау және дамыту ісіне мүдделілігін тиімді уәждеу үшін жауапкершілікті өзіне алады.

«KMG-Security» ЖШС сапа менеджменті, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттары мен бағыттары оның барлық бөлімшелеріне қолданылады және барлық іскер әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізілген.